

## **«Жаңа жылдық мозаика» шығармашылық жұмыстардың қашықтықтан өткізілетін республикалық интернет-байқауының ережелері**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен педагогтері «Жаңа жылдық мозаика» шығармашылық жұмыстардың республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: білім беру ұйымдары білім алушылары мен педагогтерінің зияткерлік-шығармашылық әлеуетін дамыту.

Міндеттері:

қатысушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, әлем халықтарының Жаңа жыл мерекесін тойлаудағы дәстүрлерін түсіну арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал жасау;

қатысушылардың әр түрлі халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына деген танымдылық уәждемесін дамыту.

білуге құмарлығын, жасампаздықты, толерантықты, интернационализмді тәрбиелеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары әділ қазылар алқасының және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы **31 қазаннан 2016 жылғы 15 желтоқсанға дейін** [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru) поштасына қабылданады.

Ұйымдастыру комитетіне **2016 жылғы 15 желтоқсаннан** кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2016 жылғы 26 желтоқсанда** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін төлемақы төленеді:

білім алушылар - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге;

педагогтер - **3000 (үш мың)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БФМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: **«Жаңа жылдық мозаика»** байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін [konkurs.16@mail.ru](mailto:konkurs.16@mail.ru) электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

- 1) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегі немесе төлем тапсырмасы;
- 2) электронды түрде байқау жұмысы.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

8. Байқауға:

1) 5-17 жастағы мектепке дейінгі, жастағы жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша:

5-6 жастағы дейін мектепке дейінгі жас санаты;

кіші жас санаты: 7-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-17 жас

2) педагог қызметкерлері қатыса алады.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

**1. «Жер бетінде адамдар Жаңа жылды қалай қарсы алады»** (суреттер байқауы).

Байқауға электронды түрде JPEG немесе BMP форматтағы суреттер қабылданады. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы қажет.

#### Суреттерді ресімдеу талаптары.

Жұмыстар кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) болуы тиіс.

#### Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқау тақырыбына, мақсатына және талаптарына сәйкес болуы;  
деректілігі: әлем елдеріндегі халықтардың Жаңа жылды тойлау тарихына сәйкестігі;

жұмысты орындау сапасы;

автор жасының шығармашылық деңгейге сай болуы.

## **2. «Жаңа жылды бимен, әзілмен және әнмен бірге қарсы аламыз!» номинациясы** (презентациялар байқауы).

Байқауға Жаңа жыл мерекесін жанұяда, мектепте, балабақшада және т.б. тойлау презентациялары қабылданады.

Слайдты ресімдеу.

Слайд стилі (бірыңғай стильмен ресімдеу).

Түстерді пайдалану (бір слайдта 3 түстен артық түс қолданылмауға кеңес беріледі: бірі фонға, бірі – тақырып үшін, бірі – мәтінді жазу үшін).

Анимациялық эффектілер (слайдта ақпарат беру үшін мейлінше компьютерлік анимациялық мүмкіндіктерді пайдаланыңыз).

Мәліметті беру:

Қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз.

Қаріп (тақырып үшін -24 тен кем емес, ақпарат үшін -18 ден кем емес).

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

мазмұндылығы және ерекшелігі;

сауаттылығы.

## **3. «Ойжұмбақ калейдоскопы» номинациясы** (шығармашылық байқау).

Жаңа жыл мерекесімен байланысты авторлық сөзжұмбақтар, ойжұмбақтар, ребустар, жұмбақ сөздер, жұмбақтар, викториналар қабылданады.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) викторина, сөзжұмбақтардың сұрақтары **MSWord**. мәтіндік редакторда терілуі, шрифт: **Times New Roman**; шрифт көлемі - **14**; ара қашықтық -**1** болуы міндетті.

2) жұмыс көлемі (викторина **10 - 15** сұрақтан (иллюстрациясы берілген сұрақтар мен жауаптарды жіберуге болады).

Байқау жұмыстарының бағалау өлшемдері:

деректілігі: әлем елдеріндегі халықтардың Жаңа жылды тойлау ерекшеліктеріне сәйкестігі;

сұрақтар мен жауаптарды мазмұндау мәнері, ғылымилығы, мазмұндылығы;

сұрақтар мен жауаптарды ресімдеудің ерекшелігі және шығармашылық тәсіл;

эстетикалығы және сауаттылығы.

## **4.«Шыршаға сыйлық» номинациясы** (жаңажылдық ойыншықтар байқауы).

Байқауға электронды түрде жұмыстың қадамдық жасалу жолдары JPEG немесе BMP форматтағы суреттері арқылы қабылданады. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы қажет.

Ойыншықтар кез келген материалда (түрлі-түсті қағаз, картон, пластилин және т.б) жасалынады.

Байқау жұмыстарының бағалау өлшемдері:

байқау тақырыбына, мақсатына және талаптарына сәйкес болуы;

жұмысты орындау сапасы мен соңылығы;  
автор жасының шығармашылық деңгейге сай болуы.

**5. «12 айда қонақта» номинациясы** (әдеби байқау).

Әдеби ертегілер – жаңа жылдық ғажап туралы арман, әлем халықтарының 12 ай аттарының шығу тарихы туралы қызықты әңгімелер қабылданады.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) әңгіме мәтіні MSWord. мәтіндік редакторда терілуі, шрифті - Times New Roman; шрифт көлемі - 14; ара қашықтық - 1; екі шетінде - 2 см, ені тегістелген, бірінші жолдан шегініс – 1,25 см;

2) жұмыс көлемі – А4 форматында 1-3 бет, суреттерін қоса алғанда.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

материалдың этимологиялық нақтылығы;

жасампаздығы;

сауаттылығы.

**6. «Жаңа жылдық калейдоскоп» номинациясы** (жаңа жыл тақырыбына марка топтамасы, ашық хаттар, кәдесыйлар және магниттер).

Байқауға электронды түрде 21\*29,7 см (А4 форматтағы парақ) JPEG немесе BMP форматтағы **бүкіл топтаманың жалпы бір ғана суреті** қабылданады. Графикалық файлдың көлемі 3 мегабайттан аспауы қажет.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

1) Байқаудың тақырыбына, мақсат, міндеттеріне, мазмұнына сәйкес болуы;

2) ресімдеу эстетикасы.

**7. «Жаңа жыл мерекесі жыл сайын қуантып келсін!» номинациясы.**

Ерекше формадағы жаңа жылдық сценарийлер қабылданады.

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

1) әңгіме мәтіні MSWord. мәтіндік редакторда терілуі, шрифті - Times New Roman; шрифт көлемі - 14; ара қашықтық - 1; екі шетінде - 2 см, ені тегістелген, бірінші жолдан шегініс – 1,25 см;

2) жұмыс көлемі – А4 форматында 3-5 бет, суреттерін қоса алғанда;

3) JPEG немесе BMP форматтағы суреттері.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

жаңашылдығы, жасампаздығы;

мазмұндылығы, тәрбиелік бағыттылығы;

жаңашыл технологияны қолданылуының өзектілігі;

сауаттылығы.

10. Қатысушы сайыста бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға қатысушыдан бір жұмыс қана қабылданады. Төлемақы әр номинацияға жеке төленеді.

11. Сайыстық жұмыстың негізгі бетінде **міндетті түрде** көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;  
білім беру ұйымының атауы;  
сайыстың, номинацияның атауы;  
автордың аты-жөні;  
қатысушының жасы;  
жетекшінің аты-жөні;  
жетекшінің лауазымы және қызметі;  
e-mail және байланыс деректері.

12. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

13. Әділ қазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

**Анықтама телефондары:** 8(7172)24-93-12, Людмила Васильевна.

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)  
→ Республикалық іс-шаралар → **«Жаңа жылдық мозаика»**  
байқауы→жалғасы.